

С.Т. Қалдыбаева, Х.Т. Төкенова, Ж.Қ. Нұсқабаева
(Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ
Алматы, Қазақстан Республикасы)

ЕЛІМІЗДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУЛАР

Аңдатпа: Мақалада еліміздегі әлеуметтік сақтандырулар қарастырылған. Міндетті түрдегі төленетін әлеуметтік сақтандыру жүйесі – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары арасындағы қатынасты реттеп отыратын, мемлекетпен бекітілген және кепілдендірілген нормалар және ережелер жиынтығы.

Түйін сөздер: сақтандырулар, объекті, әлеуметтік аударымдар, төлемдер.

Әлеуметтік аударымдар қазіргі заңмен бекітілген, әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорына төленетін міндетті төлемдер, әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысына құқық беретін, асырушысынан айырылған жағдайда, оның қамқорлығына тіркелген оның отбасына, қазіргі заңға сәйкес әлеуметтік төлемдер алу.

Әлеуметтік сақтандыру есептеу объектісі – жұмыс берушінің жұмысшы орындаған жұмыстары және көрсеткен қызметі үшін төлейтін шығындары. Өзіндік жұмыспен қамтылған тұлғаның әлеуметтік сақтандыруды есептеу объектісі оның алатын кіріс пайдалары болады.

Әлеуметтік аударымдар және әлеуметтік төлемдерді есептеу бойынша өкілетті ұйым (бұдан кейін – Орталық) – Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, аймақтарда құрылымдық бөлімдері (құрылымдық бөлімдер) бар республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;

Әлеуметтік аударымдар төлемшісі (бұдан кейін – төлемші) – қазіргі заңда бекітілген тәртіпте мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдары төлемдерін және есептеуді жүргізетін жұмыс беруші немесе өзіндік жұмыспен қамтылған тұлға.

Әлеуметтік сақтандыру ставкалары – әлеуметтік сақтандыру есептеу объектісі шамасына пайыздық қатынасынан шығатын, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті төлемдердің тіркелген көлемі; әлеуметтік төлемдер – әлеуметтік төлемдер алушылардың пайдасына мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорымен жүргізілетін төлемдер.

Әлеуметтік төлемді алушы (алушы) – әлеуметтік қауіп туындағанға дейін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына оның орнына жүргізілген не болмаса өзіндік жұмыспен қамтылған тұлға ретінде әлеуметтік аударымдар төлеп отырған және оған қатысты әлеуметтік төлемдер тағайындау бойынша өкілетті органмен әлеуметтік төлемдерді тағайындау бойынша шешім қабылданған жеке тұлға, ал міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы болып табылатын, әлеуметтік аударымдар жүргізілген тұлғаның өлім жағдайында, - оның қамқорлығында болған өлген асыраушының отбасына (сотпен із-түссіз жоғалғандығы бекітілген немесе өлімі жарияланған).

Еңбек қабілетінен айырылу – жұмысшының жұмыс жасау, қызмет көрсету қабілетін жоғалтуы, оның деңгейі жоғалған еңбек қабілетін пайыздық қатынасынан шығады;

Міндетті әлеуметтік сақтандыру – мемлекетпен еңбек қабілетін айырылуына және жұмыстан айырылғанға, сонымен қатар асыраушысынан айырылуға байланысты және жүктілікке және босануға, жаңа туылған нәрестені асырап алуына және бір жасқа толмаған балаға қарауына байланысты пайданың бір бөлігінің орнын толтыру үшін ұйымдастырылатын, бақыланатын және кепілдендірілген шаралар жиынтығы.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары арасындағы қатынасты реттеп отыратын, мемлекетпен бекітілген және кепілдендірілген нормалар және ережелер жиынтығы;

Қазіргі заң, осы заңда қарастырылған міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлері бойынша әлеуметтік қауіптің туындауы жағдайына байланысты, әлеуметтік сақтандыру жүйесі қатысушыларын әлеуметтік қамтамасыз ету қосымша формаларын жасауға байланысты қатынастарды реттеп отырады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасы Конституциясына негізделеді және қазіргі заңдардан және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасымен қабылданған халықаралық шарттарда қарағанда қазіргі заңдарда басқа ережелер болса, онда халықаралық келісімшарт ережелері қолданылады.

Міндетті әлеуметті сақтандыру келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) еңбек қабілетінен айырылу жағдайына;
- 2) асыраушысынан айырылу жағдайына
- 3) жұмыстан айырылу жағдайына;
- 4) жүктілікке және босануға байланысты табыстан айырылу жағдайына;
- 5) жаңа туған нәрестені асырап алуға байланысты табыстан айырылу жағдайына;
- 6) балаға ол бір жасқа дейінгі қамқоршылық жасау байланысты табысынан айырылу жағдайына.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру қағидалары:

1) міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңын сақтау және орындау жалпылығы;

2) әлеуметтік сақтандыруды қамтамасыз етуге қолданылатын шаралардың мемлекетпен кепілдендірілуі;

3) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінде қатысу міндеттілігі;

4) қазіргі заңға сәйкес әлеуметтік төлемдерге әлеуметтік аударымдарды пайдалану;

5) қазіргі заңда қарастырылған шарттарда әлеуметтік төлемдердің міндеттілігі;

6) әлеуметтік төлемдер көлемінің дифференциациясы;

7) міндетті әлеуметтік сақтандыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдың жариялылығы. қазіргі заңда бекітілген шарттарда міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлері бойынша әлеуметтік қауіптің туындауы жағдайында, мемлекет азаматтарға әлеуметтік төлемдер алу құқығын кепілдендіреді.

Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ тұлғалар әлеуметтік төлемдер алу құқығын Қазақстан Республикасы азаматтарымен бір дәрежеде қолданады.

Әлеуметтік аударымдар қорғалуын қамтамасыз ету

1. Мемлекеттік қордағы әлеуметтік аударымдардың мақсатты қолдануына және қорғалуына кепілдік береді.

2. әлеуметтік аударымдар қорғалуы келесі жағдайлар көмегімен қамтамасыз етіледі:

1) Қордың қызметін, Қазақстан Республикасы Үкіметі анықтайтын және оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін сәйкес нормалар және шектерді бекіту жолымен реттеу;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі арқылы инвестициялық қызметті іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде Қордың активтерін инвестициялық басқару бойынша барлық операцияларды есепке алу;

4) Қордың жеке қаражаттары мен активтерін бөлек есеп алуды енгізу;

5) Қордың қызметін қамтамасыз етуге шығын шектерін енгізу;

6) жылдық аудит өткізу міндеттілігі;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіпте қордың жүйелі түрде қаржылық есептілігін;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметімен қордың активтерін қаржыландыру үшін қаржылық құралдардың тізімін анықтау.

Міндетті әлеуметтік сақтандыруға, Қазақстан Республикасы аумағында тұрғылықты тұратын және Қазақстан Республикасында аумағында кіріс келтіретін қызмет жүргізетін, Орталықтан зейнетақылар алушылардан басқа, шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар қоса алғанда, жұмысшылар, өзіндік жұмыспен қамтылған тұлғалар жатады.

1. Қорға міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушы үшін төлеуге жататын әлеуметтік аударымдар келесі мөлшерде бекітіледі: әлеуметтік аударымдар есептеу объектісінен 5 пайызынан.

2. Қазақстан Республикасының салық заңына сәйкес арнайы салық тәртібі таралатын өзіндік жұмыспен қамтылған тұлғалар үшін олардың өз пайдасына төлейтін әлеуметтік аударымдар мөлшері құрайды: әлеуметтік аударымдарды есептеу нысанынан 5 пайыз, бірақ сәйкес қаржылық жылға Республикалық бюджет туралы заңымен бекітілетін минимальды еңбекақыдан аз болмауы керек.

Сонымен бірге, өзіндік жұмыспен қамтылған тұлғалар үшін әлеуметтік аударымдардың максимальды мөлшері есептік периодтағы әлеуметтік салық есептемесі сомасынан аспауы керек.

1. Жұмыс берушінің жұмысшыға кірістер түрінде төленетін шығындар есептемелері, шығындарға жұмыс берушінің ақшалай түрде әскери қызметтегілер, арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері жұмысшыларына кірістер түрінде төлейтін шығындарының Қазақстан Республикасының салық кодексінде көрсетілген тәртіпте жүргізіледі.

2. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушыларына төленетін әлеуметтік аударымдардың есептелуі және аталуы ай сайын жүргізіледі.

Сонымен бірге, әлеуметтік аударымдарды есептеуге айлық кіріс, республикалық бюджет туралы заңында бекітілген минимальды еңбекақы мөлшерінен он еседен аспайтын мөлшерде қабылданады.

Егер ағымдағы айға әлеуметтік аударымдар есептеу нысаны, республикалық бюджет туралы заң және сәйкес қаржылық жылдың 1 қаңтарына әрекет ететін заңда қарастырылған минимальды еңбекақыдан аз болса, онда әлеуметтік аударымдар минимальды еңбекақы есебімен есептеледі және аударылады.

Жүктілікке және босануға, жаңа туылған баланы асырап алуға байланысты кірістен айырылған жағдайдағы әлеуметтік аударымдар тағайындалуы және мөлшері.

1. Жүктілікке және босануға, жаңа туылған баланы асырап алуға байланысты кірістен айырылған жағдайдағы әлеуметтік аударымдар Қордан әлеуметтік төлемдер алуға құқылы міндетті әлеуметтік сақтандыру қатысушысына, 2008 жылдың 1 қаңтарында бастап, тағайындалады.

2. Жүктілікке және босануға, жаңа туылған баланы асырап алуға байланысты кірістен айырылған жағдайдағы әлеуметтік аударымдарды тағайындау үшін өтінішке қосылады:

1) жеке басын растайтын құжат;

2) тұрғылықты жері туралы анықтама (мекен-жай анықтамасы немесе ауылдық округ әкімінің анықтамасы);

3) уақытша жұмысқа жарамсыздық қағазы;

4) әлеуметтік қауіптер туындар алдындағы жұмыс орнынан он екі күнтізбелік айдың кірістері туралы бекітілген үлгідегі анықтама;

5) Банктік операциялардың бөлек түрлерін жүзеге асыратын банктерде немесе ұйымдарда ашылған есеп шотының номері туралы мәлімет немесе қорытынды есепте банктік түзеу мекемесінің болуы;

6) өздігінен жұмыспен қамтылған тұлғалар үшін қосымша:

Жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өткені туралы куәлігінің көшірмесі;

Мемлекеттік кірістер органдарымен берілген салықтар және басқа да бюджетке міндетті төлемдері бойынша тексеру актісі;

3. Жүктілікке және босануға, жаңа туылған баланы асырап алуға байланысты кірістен айырылған жағдайдағы әлеуметтік төлемдері, денсаулық сақтау саласындағы өкілетті мемлекеттік органмен бекітілген тәртіпте берілген уақытша жұмысқа жарамсыздық қағазында көрсетілген уақытқа тағайындалады.

4. Жүктілікке және босануға, жаңа туылған баланы асырап алуға байланысты кірістен айырылған жағдайдағы әлеуметтік төлемдері мөлшері әлеуметтік аударымдардың есептеу нысаны ретінде анықталған орташа айлық табыс мөлшерінің жұмыссыздыққа жарамсыз күндердің сәйкес коэффициентіне көбейтіндісімен анықталады.

Әлеуметтік төлемдері мөлшері әлеуметтік аударымдардың есептеу нысаны ретінде анықталған орташа айлық табыс мөлшері соңғы он екі күнтізбелік айда әлеуметтік аударымдар (осы уақыт аралығында әлеуметтік аударымдарда үзіліс болуына тәуелсіз) жүргізілген кіріс сомасын он екіге бөлу арқылы анықталады.

Жұмысқа жарамсыздық күндері санының коэффициенті уақытша жұмысқа жарамсыз күндер санын отыз күнтізбелік күнге бөлу арқылы анықталады.

5. Жұмыс беруші жүктілік және босану, бала асырап алу бойынша, егер бұл жағдай еңбек және ұжымдық келісімшартта, жұмыс беруші актінде көрсетілген болса, жұмысшы демалыстарын төлейді.

Балаға бір жасқа дейінгі қамқор болуға байланысты табысынан айырылу жағдайындағы әлеуметтік төлемдердің тағайындалуы және мөлшері.

1. Балаға бір жасқа дейінгі қамқор болуға байланысты табысынан айырылу жағдайындағы әлеуметтік төлемдер, Қордан әлеуметтік төлемдер алуға құқылы және әлеуметтік аударымдар төлеңіп отырған, міндетті әлеуметтік сақтандыру қатысушысына 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап тағайындалады.

2. Балаға бір жасқа дейінгі қамқор болуға байланысты табысынан айырылу жағдайындағы әлеуметтік төлемдер, екі және одан да көп бала босанған кезде, әрқайсысына бөлек тағайындалады.

3. Балаға бір жасқа дейінгі қамқор болуға байланысты табысынан айырылу жағдайындағы әлеуметтік төлемдердің тағайындалуы үшін өтінішке қосылады:

1) жеке басын растайтын құжат;

2) тұрғылықты жері туралы анықтама (мекен-жай анықтамасы немесе ауылдық округ әкімінің анықтамасы);

3) баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, сонымен қатар, оларды тексеру үшін түпнұсқасы

4) отбасы құрамы туралы мәлімет;

5) ҚР 10.01.14ж. № 156-V заңына сәйкес алынып тасталған. (введен в действие с 1 января 2014 г.)

6) Банктік операциялардың бөлек түрлерін жүзеге асыратын банктерде немесе ұйымдарда ашылған есеп шотының номері туралы мәлімет немесе қорытынды есепте банктік түзеу мекемесінің болуы;

7) бір жасқа дейінгі баланы асырап алу жағдайында – баланы асырап алу туралы сот шешімінің, асырап алу және қамқорлық жасау функцияларын іске асыратын орган шешімінің көшірмесі;

8) бір жасқа толмаған балаға қамқорлық жасау жағдайында - қамқорлық жасау функцияларын іске асыратын орган шешімінің көшірмесі.

4. балаға бір жасқа дейінгі қамқорлық жасау жағдайындағы әлеуметтік төлемдер баланың туу туралы куәлігінде көрсетілген күннен бастап, ол бір жасқа толған күнге дейін тағайындалады.

Бір жасқа толмаған баланың өлімі жағдайында, әлеуметтік төлемдер өлім айы бойынша тағайындалады.

5. Балаға бір жасқа толмауы бойынша қамқорлық жасау байланысты табыстан айырылуға айлық әлеуметтік төлемдер табыстың орташа айлық мөлшерін табыстың орнын толтыру коэффициентіне көбейту арқылы анықталады.

Әлеуметтік төлемдері мөлшері әлеуметтік аударымдардың есептеу нысаны ретінде анықталған орташа айлық табыс мөлшері соңғы жиырма төрт күнтізбелік айда әлеуметтік аударымдар (осы уақыт аралығында әлеуметтік аударымдарда үзіліс болуына тәуелсіз) жүргізілген кіріс сомасын жиырма төртке бөлу арқылы анықталады.

Табыстың орын толтыру коэффициенті 0,4-ке тең.

Сонымен бірге, балаға бір жасқа дейін қамқор болуға байланысты табыстан айырылу жағдайындағы әлеуметтік төлемдердің максимальды мөлшері, республикалық бюджет туралы заңда қарастырылған минимальды еңбекақының он еселігінің қырық пайызынан аспайы керек, ал минимальды мөлшері – балаға бір жасқа дейін қамқор болу бойынша мемлекеттік көмек мөлшерінен аз болмауы керек

6. Әлеуметтік төлемді алушының өлімі (сотпен із-түссіз жоғалғандығы немесе өлімі жарияланған болса), ата-ана құқығынан айырылу немесе шектеу, бостандығынан айырылу орындарында өз күнәсін өтеуі жағдайында, баланың бір жасқа толуы бойынша қамқорлық жасауға байланысты табысынан айырылу жағдайындағы әлеуметтік төлемдер, балаға қамқорлық жасаушы тұлғаға беріледі, тек баланы, келесі құжаттар негізінде, толық мемлекеттік қамтамасыз ету анықталған жағдайдан басқа:

1) жеке басын растайтын құжат;

2) балаға бір жасқа дейін қамқор болуға байланысты табыстан айырылу жағдайындағы әлеуметтік көмек алушының өлімі, із-түссіз жоғалу немесе қайтыс болуы жарияланған сот шешімі, ата-ана құқығының шектелуі немесе алынып тасталуы, бостандығынан айырылу орындарында өз жазасын өтеуі туралы куәліктің көшірмесі;

3) асырап алу туралы шешімнің заңдық күшке енуі туралы құжат;

4) қамқоршылығы тағайындалған туралы анықтама;

7) балаға бір жасқа дейін қамқор болуға байланысты табыстан айырылу жағдайындағы әлеуметтік төлем тоқталады:

1) баланың өлімі туындаған айдың бітуі бойынша;

2) баланың толық мемлекеттік қамтамасыз етуі анықталған айдың бітуі бойынша;

3) Қазақстан Республикасының неке-отбасылық заңына қарастырылған жағдайларда, ата-ана құқығы шектелген немесе алынып тасталған, асырап алу туралы шешім өз заңдық күшін жойғанда, қамқоршылар өз міндеттерінен айырылған айдың бітуі жағдайларына тоқтатылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Трудовой кодекс РК, Конституция РК
[2] Баймуқанова М.Т. Семейное консультирование как метод социальной работы с семьей. // Материалы Республиканской научно-практической конференции «Актуальные проблемы подготовки кадров социологов для социальной сферы Республики Казахстан». – Караганды, 2005. – С. 26-30.
[3] Мустаева Ф.А. Социальная педагогика: Учебник для вузов. – М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2003. – 528 с.
[4] Сарсенова Ж.Н. Социальная работа: Учебное пособие. - Алматы, 2004. - 64 с.

Калдыбаева С.Т., Төкенова Х.Т., Нускабаева Ж.К.

Социальное страхование в стране

Аннотация. В статье рассмотрено социальные страхования в стране. Обязательному социальному страхованию подлежат работники, самостоятельно занятые лица, включая иностранцев и лиц без гражданства, постоянно проживающих на территории Республики Казахстан и осуществляющих деятельность, приносящую доход на территории Республики Казахстан, за исключением получателей пенсионных выплат из Центра.

Ключевые слова. Страхования, объекты, социальные переводы, выплаты.

Kaldybayeva S.T., Tukenova X.T. Nuskabaeva J.K.

Social insurance in the country.

Summary. In the article social securities are considered in a country. Workers, independently concerned persons, are subject obligatory social security, including foreigners and persons without citizenship, constantly resident on territory of Republic of Kazakhstan and carrying out activity, bringing income on territory of Republic of Kazakhstan, except for the recipients of pension payments from Center.

Key words: Insurances, objects, social translations, payments.

ӘОЖ 628. 517.2:669

Х.Т. Төкенова, С.Т. Қалдыбаева, Ж.Қ. Нұсқабева
(Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ
Алматы, Қазақстан Республикасы)

КАДРЛІК САЯСАТ ЖӘНЕ БАСҚАРУ СТИЛЬДЕРІ

Андатпа: Жұмыста кадрлік саясат пен басқару стильдері қарастырылған. Кадрлік саясаттың субъектісі ретінде кәсіпкерлік құрылымдар, мемлекеттік билік органдары, тұтастай мемлекет қарастырылған.

Түйін сөз: кадр, саясат, басқару, мемлекет, ұйым, басшы,

Кадрлік саясат әлеуметтік құбылыс ретінде мекеменің, ұйымның, қоғамның кәсіби және еңбек әлеуетін қалыптастыру, дамыту және тиімді пайдалану бойынша қызметтердің барынша ортақ стратегиялық бағыттарын қамтып көрсетеді. Кадрлық саясаттың субъектісі ретінде кәсіпкерлік құрылымдар, мемлекеттік билік органдары, тұтастай мемлекет қарастырылуы мүмкін.

Қоғам біртіндеп қажетті кәсіби әлеуетті қалыптастыра білу ғана емес, осы әлеуеттерді сауатты басқара алатындай мамандарды дайындау да қажет екенін жете түсініп келеді.

Кадрлік саясатты ұлттық құндылықтарды басқару өнері ретінде қарастыруға болады. Ақыр аяғында, кадрлық саясаттағы әр түрлі өзгерістердің мәні бір нәрсеге тіреледі – адам өз міндеттерін барынша сапалырақ және тиімдірек жасайтындай ету.

Кадрлік саясаттың, қызметкерлерді басқарудың негізгі мақсаты, әлеуметтік – экономикалық міндеттердің, мұны қазіргі уақытта да, болашақта да жасай алатын, дәл сол кәсіби құраммен орындалуын қамтамасыз етуге келіп тіреледі.

Мемлекеттік кадрлік саясат дегенде, жалпы мемлекеттік деңгейдегі кадрлармен жұмыстың саяси бағыты, стратегиясы түсіндіріледі. Кадрлік саясаттың тікелей мазмұны қызметкерлерді басқаруда – ұйымда, мекемеде, мемлекеттік басқару органдарында адамның қабілеттері мен кәсіби мүмкіндіктерін тиімді түрде басқарып ұйымдастыруға тартылған, қызметкерлермен жұмыстың күрделі және кешенді технологияларымен іске асады.